



Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады
• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Өмірдегі жастар ресурстық орталықтары мақсат пен мүдденің үдесінен шығып жүр ме? Жастарды қолдау қаншалықты жүзеге асып жатыр? Қала әкімі Нұржан Ахатов пен қалалық мәслихат депутаты Ділмұхамед Абызов «QOSYL» қалалық жастар ресурстық орталығына барып, жұмысымен танысты.

30 жасты жұмыспен қамтымақ



Жастар мен жастар ұйымдарын қолдау және олардың қызметін дамытуды мойнына жауапкершілік етіп алған орталықтың жұмысымен мекеме директоры Медет Жорабек кеңінен таныстырып, ұсыныс-тілектерін жеткізіп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Шаһар басшысы жастармен еркін форматта пікір алмасып, олардың ұсыныс-тілектерін тыңдады.

– Орталыққа келген жастарды кәсіпкерлікке ынталандырып, жұмысшы мамандықтарды көбірек насихаттау қажет. Біз сіздерден әрдайым креативті ұсыныс, жаңа идеялар күтеміз. Бастамаларыңызды әрқашан қолдауға дайынбыз, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Кездесуде қалалық мәслихат депутаты Ділмұхамед Абызов орталық басшысының ұсынысына сәйкес, 30-ға жуық жасты тұрақты жұмыспен қамтуға дайын екенін жеткізді. Алдағы уақытта кәсіпкерлерді жұмылдырып, жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар жүзеге асырыла бермек.

Айта кету керек, «QOSYL» брендімен танылған орталықта 8 маман жұмыс істейді. Жыл басынан бері орталықтың қызметіне 7125 жас жүгінген, 408 іс-шара ұйымдастырылды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖОЛ САПАСЫ – БАСТЫ ОРЫНДА

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылының әу бастағы мақсаты да сол, қала ішіндегі кептелісті болдырмау. Әбілхайыр хан көшесінен бастау алып, Бейбарыс сұлтанға келіп қосылатын даңғылда көлік қозғалысы көп. Халықтың өтініші де осыған саяды. Бүгінде аталған даңғылды төрт жолақты етудегі жұмыс қарқынды. Бейбарыс сұлтан көшесінен бастау алған қайта жаңғырту жұмысы аясында Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін нығайту кезеңінде. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен қала әкімі Нұржан Ахатов жол құрылысының жай-күйімен танысты.



Жобаның мердігері – «УАД» ЖШС, ал техникалық қадағалаушысы – «ЗКА Проект» серіктестігі. Авторлық қадағалаушысы – «КБ МұнайГаз Инжиниринг». Төрт жолақты жолдың ұзындығы – 6,71 шақырым, ені – 14 метр.

Нысан басына барған облыс әкімі басты талап жолдың сапалы салынуы, құрылыстың уақытылы аяқталуы екенін айтты. Жауапты сала басшылары жөндеу жұмыстарын үнемі тексеріп, кемшілікке жол бермеуі керектігін де қаперге салды.

Биыл Қызылорда облысында республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 44 млрд 703 млн теңгеге 300 шақырым автомобиль жолы жөндеуден өтті. Облыс орталығының негізгі көшелері – әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, қалаға Шиеліден кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр магистральді көшелері және Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болып кенейтілді.

Сонымен қатар Қызылорда қаласында 4 млрд 700 млн теңгеге Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы, Арал, Жаңақорған аудандарында теміржол үстінен аспалы көпір құрылыстары жүруде.

«Қызылорда-Жезқазған» автожолындағы жұмыс қарқыны газетіміздің өткен сандарында да оқырман назарына ұсынылған еді. Бұл жолдың Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырымының 140 шақырымы аяқталды. Қалған бөлігі 2026 жылы ел игілігіне беріледі. Ал көпшіліктің көкейкесті мәселесіне айналған «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» күре жолының Қызылорда мен Ақтөбе облыстарының аралығын 1-санатқа ауыстыру бойынша «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы жобасметалық құжаттама әзірлеуде.

А.СПАНДИЯР

Көктемде аяқсудың алдына түсіп жүрген ешкімге пайдалы емес. Әрине, судың жолын ашып, тіршілік нәрін жеткізу – елеулі еңбек. Бірақ сол аяқсу арнасын осы кезден бастап таза ұстау жұмысты біраз жеңілдетеді. Бүгінде «Жасыл Қызылорда» мекемесі осы бағытта еңбек етуде.

«БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ»

Жасыл қалаға айналу бір сәттік жұмыс емес. Оған айлар, тіпті жылдар кетуі де мүмкін. Биыл аймақ басшысының қолдауымен облыс орталығын көгалдандыру-абаттандыру мақсатында ашылған бұл мекеме қаланы көгалдандырумен, яғни, ағаштың көктем кетуіне дейінгі аралықта қыруар еңбек атқарады. Жасыл желекті күтіп-баптап, тұрғындарға жайлы атмосфера сыйлауға бағытталған жұмыстарды жыл бойы атқаратын мекеме қызметкерлері қазір арық жүйелерін аршып, тазалау үстінде. Көктемгі суару мезгіліне дайындықты пысықтаған қала әкімі Нұржан Ахатов қала аумағын күнделікті аралап, жұмыс процесімен танысып жүр.



– Қамыс пен құм басқан су арналарын тазартуға ұдайы көңіл бөлу керек. Өйткені, қай шаруаға да ерте қамданған қапы қалмайды. Мекеменің басты мақсаты – аяқсу кедергісіз өтіп, диттеген аумаққа дер кезінде жеткізуі керек. Сондықтан жұмысты сапалы атқарып, негізгі каналдардың табанын аршып, арықтарды толық тазалауды тапсырамын, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Айта кету керек, қала аумағын аяқсумен қамтамасыз ету үшін Сырдария өзені мен каналдарға 19 су сорғы насосы орнатылған. Олардың көктемге дайындығы да жіті назарда.

«Ақмешіт-ақпарат»

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

САРАПТАМА

Дамудың жауы — ЖЕМҚОРЛЫҚ



Сыбайлас жемқорлық – мемлекетті іштен жоюдың бастамасы. Ұлттық экономика, ғылым, мәдениет, саясаттың дамуына қауіп төндіретін қоғам дерті әлі де өршіп тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамның жегі құртымен жұрт болып күресуге шақырып келеді. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндет атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан Халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді. Алайда соңғы жыл көрсеткіші қалай сойлейді? Қай салада қылмыс фактілері көп?

2-БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ЛИМОНЫ ПІСІП ТҰР



Қызылордалық Акерке Тәжееваның лимоны өткен жылдан-ақ өнім бере бастаған. Ол 3 жыл бұрын «Болашақ» университетінің жылыжайында тропикалық, субтропикалық өнімдерді өсіруді қолға алды. Бағбанның өнірде лимон өсірем деген сөзіне алғашында ешкім сенбеген. Алайда ол өзінің табандылығының арқасында лимон ағашын жайқалтып, көктетіп қойды. Ал өткен жылы алғашқы өнімін ала бастады.

2-БЕТТЕ

Ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы қоғамда кеңінен қолдау тапты. Мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында қабылданған бұл жоба өзінің өміршеңдігін көрсетті. Жоба аясында әлеуметтің табысын арттыруға, шағын кәсіпті түлетуге мол мүмкіндік туып тұр.

ЕРІНБЕГЕН КӘСІП КӨЗІН ТАБАДЫ



2-БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ЛИМОНЫ ПІСІП ТҰР



– Жылжайға алғашында Бақберген Досманбетов ағайымыз Өзбекстаннан мамандар әкелді. Еккен көшеттің бәрі өліп қалды. Олар «суларын тұзды, топырақ сор. Сондықтан бұл жерге лимон өсейді» деп кесіп айтқан еді. Артында 210 шаршы метр аумаққа Сарыағаштан көшет әкеп ектім. Әдепкіде қыста өнім берді. Әр бұтақтан 2-3 келі өнім жинадым. Болашақта одан көп өнім алуды жоспарлап отырмын. Бізде жаз ыстық және желді. Ал қыста өте суық. Сол үшін жылжайдың ауасын қалыпта ұстап тұру керек. Лимон негізі салқын ауаны ұнатады.

Лимон 3 жылдан кейін өз-өзіне келіп жақсы өнім берді. Әр түптен 3 келі өнім аламыз. 9 жылдық лимон 180 келі бергенін де көрдік. Лимонның жақсы жері 3 жылдан кейін өнім аламыз. Бір өсіп алған соң көп күтімді қажет етпейді. Көктемде гүлдеген кездегі аңқыған иісі денсаулыққа пайдалы. Өнімін жинап сатамыз, ал көшетті қаламшадан көбейтуге болады. Адамның шашы өскенде абыржиды ғой. Лимон да сондай, артық бұтағын қиып отыру керек. 1-2 айда қиып отырамыз. Қаламшадан көбейтіп, көшетін сатуға болады. Лимон ағашы химияны қажет етпейді, – дейді жылжай өсіруші.

Лимонның негізгі отаны Батыс Қытай және Батыс Индия деп танылған. Әрбір лимон ағашы 80-90 жыл өмір сүреді. Оның жемісі 9 айда піседі. Адам баласы да ананың құрсағында 9 ай жататындықтан лимонды адамның өміріне теңеп жатады. Дүние жүзінде адам ағзасына пайдалы

Басы 1-бетте

лаймын. Өзінің буыны болады. Оны кеспеу керек. Бұл лимон мен апельсиннің будандасқан түрі. Ташкент сұрпы. Атын «Мир» деп атаған. Жылына 2 рет өнім аламыз. Қиған бұтағын қаламша етіп, қайта отырғызамыз. Тамырлататын қоспа болады. Лимон тұқымынан да шығады, бірақ жеміс бермейді. Оны өнім берген бұтақпен будандастырса ғана өнім береді. Банан да екім. Өсіп тұрғанына 1 жыл болды, өнімін енді береді. Папайя өсіріп жатырмын. Оның ұзындығы 5 метрге жетті, – дейді Акерке.

Жылжай кәсібімен 20 жылдан бері айналысатын Акерке Тәжекеева қала тұрғындары үшін қысқы бақ өсірсем деген арманын да айтып қалды. Оның айтуынша, қалалықтардың қысқы мезгілде демалатын, баратын жері көп емес. Сондықтан қысқы бақ ашып, онда тропикалық ағаш өсіріп, ондағы көлде балық жүзіп жүрс, жерлестеріміз, келген қонақтар демалса қандай ғажап. Бананның қайда өсетінін балалар қысқы бақтан көрссе деген ойы бар. Осы жобамен



Біздің өңірге таңсық өсімдікті жылжайда өсірем деп талаптанғандарға да бағбан өз кеңесін бере кетті. – Қазаққа көңді «бықырма» десе, өзбектер «шарбат» дейді. 200 литрлік ыдысқа тауықтың немесе малдың қиын салып, су құйып айналыдыртып отырса бықарады. 1-2 аптада дайын болады. Соны құйып құнарландырады. Был 1 түптен 10 келі өнім аламыз деп үміттеніп отырмыз. Құпия дұрыс кинода деп ой-

облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен жолығып, келісімін алған. Болашақта жоба өміршеңдікке ие болса, туған өлке төрінен қайларғы қыста тропикалық жеміспен көріктенген қысқы бақты тамашалайтын боламыз.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Дамудың жауы —

ҚҰЛҚЫННЫҢ ҚҰЛЫ БОЛҒАН КІМ?

«Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу — жел дүірменмен алысу. Халық алдербір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына куә болуы керек. Өзіңге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шеңбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал жүйелі проблемалар шешілмеген күйі тұр», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңесте сөйлеген сөзінде.

Жылдың алғашқы жеті айының қорытындысы бойынша Қазақстанда жемқорлыққа қатысты 1,2 мың іс тіркелген. Бұл былтырмен салыстырғанда 8,1 пайызға көп. Ал қылмыстың көбі пара беруге қатысты болған (364 жағдай). Ең көп таралған қылмыстардың қатарына пара алу (249 жағдай), сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе жымқыру (210 жағдай), сыбайлас жемқорлық алаяқтық (143 жағдай) және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (137 жағдай) кіреді.

Көбінесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар үшін әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сотталған. Сотқа берілгендердің арасында Ауыл шаруашылығы, Төтенше жағдайлар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі және Қаржы министрлігінде қызмет ететін көптеген ішкі істер органдарының қызметкерлері болды.

Айта кетейік, жыл басынан шілдеге дейінгі статистика бойынша 933 қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қатысты бар болғандықтан күдікті деп тану туралы қаулы шығарған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 13,4 пайызға көп. Оның ішінде 548 адам сотқа тартылды.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЙЛАҒАН САЛАЛАР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми өкілі Данияр Бегайдаров еліміздің спорт саласындағы бірқатар жемқорлық фактілеріне тоқталған еді. Оның айтуынша, жыл басынан бері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 1,3 млрд теңге шығын әкелген 59 қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеді. «Арнайы жаттығу секцияларын қосарланған қаржыландырудың, жалған оқу-жаттығу жиындарына және жан басына шаққандағы қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатын жымқырудың қылмыстық схемалары ашылды. Сонымен қатар «Азия ойындары-2023» спортшыларының жабылдықтарын, спорттық қызметтерді, спорттық жабдықтарды және іс-

Басы 1-бетте

ЖЕМҚОРЛЫҚ

сапар шығындарын сатып алуға бөлінген бюджеттік ақшаны иеленудің қосымша эпизодтары белгіленді. Көрсетілген фактілер бойынша келтірілген залалдың жалпы сомасы — 746 млн теңге», – деді ол. Антикордың мәліметінше, ғылымды қаржыландыру саласында да жемқорлық тәуекелдері анықталған. Жүргізілген талдау ғылыми жобаларды іріктеудің ашықтығына, оларды іске асырудың көзбояушылығына, нәтижелер үшін жауапкершіліктің болмауына, зерттеу қорытындыларының төмен сұранысына, сондай-ақ ғылыми тағылымдамалар үшін гранттар беру жөніндегі конкурстық комиссия құрамына қойылатын талаптардың төмендеуіне байланысты елеулі тәуекелдерді көрсетті.

«Мұның бәрі бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалынуына әкелді. Мысалы, жобаларды іріктеу бойынша конкурстық құжаттама нақты тұлғалар үшін қалыптас-тырылды, жобаларды ғылыми сараптау рәсімі ашық емес, бағалаудың «қол режимінде» іріктелетін үлестес сарапшылар жүзеге асырды. Тізімде тұрған 13,5 мың сарапшының 10 мыңға жуығы (75%) сараптама жүргізбеген. Манипуляция арқылы бағалау нәтижелері «қажетті» жобаларға бейімделді.

11,5 млрд теңгеге 30 зерттеу анықталды, олар бойынша сараптама белгілі бір тұлғалардың мүддесі үшін жүргізілді. Бюджет қаражаты ғылыми жобаларды коммерцияландыру түрімен шығарылды», – делінген хабарламада.

Сонымен қатар зерттеулердің 70 пайызы мақалалар мен кітаптар жазумен аяқталып, көптеген әзірлеме практикалық тұрғыдан маңызды болмай қалды.

ҚАЗАҚ КИНОСЫ НЕ ДЕЙДІ?

Соңғы уақытта қазақстандық киноиндустрияның жаңа туындылары тек көрермен ғана емес, сала мамандарының да қызығушылығын тудырып, өзіне назар аудартады. Ең қызығы, олардың басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен немесе мәдениет министрлігі тарапынан қолға алынған дүниелер емес, керісінше, жеке бюджеті арқылы жас режиссер, сценаристердің жасап жатқан кинокартиналары. Бұл туындылар көпшіліктің көңілінен шығып жатқанын, сұраныстың барын көрсететіні анық. Себебі комедия жанры бұрыннан бар болғанымен әлі күнге дейін маңызы мен құндылығын жоймай келеді.


Мәселен, «Хотя бы кинода 2» туындысы дубляж бен театр актері Қайрат Әділгерейдің бастамасымен түсірілген еді. Бірінші фильмнің режиссері — Тимур Дулатов болатын. Ал екінші бөлімде киноның тізгінін Ернар Нұрғалиев ұстады. Бірінші бөлімі іютуб желісіне жарияланған 11

күннің ішінде 2 миллионнан астам қаралым жинады. Жалпы бірінші мен екіншінің айырмашылығы неде? Комедия неге жылатты?

«Екінші бөлімде саясат, махаббат, достық тақырыбы да бар. Жанры жағынан комедия мен драма, мелодрама қатар жүреді. Мойындау керек, комедия — күрделі жанр. «Қашанға дейін қазақтар комедия түсіре бері? Режиссерлардың қолынан одан басқа ештеңе келмейді деген сынды сурақ, кеңесін сөздерді жиі естимін. Алайда жаз келген дамыған мемлекеттің киноиндустриясына мән берсек, барлығы комедиядан бастаған. Мысалы, Корея дорама жанрына көшпес бұрын 30 жыл комедия түсірген. Көрінісес Ресей де 20 жыл бұрын тек қана осы жанра түсіретін. Қазақстандық киноиндустрия да осыған келе жатыр. Комедияда да драма бар. Күлкінің астарында қандай да бір сыр болады. Сондықтан нағыз қазақы фильм жасай алдық деп ойлаймын», – дейді ол.

Жылдың алғашқы жеті айының қорытындысы бойынша Қазақстанда жемқорлыққа қатысты 1,2 мың іс тіркелген. Бұл былтырмен салыстырғанда 8,1 пайызға көп. Ал қылмыстың көбі пара беруге қатысты болған (364 жағдай). Ең көп таралған қылмыстардың қатарына пара алу (249 жағдай), сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе жымқыру (210 жағдай), сыбайлас жемқорлық алаяқтық (143 жағдай) және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (137 жағдай) кіреді.

ЕРІНБЕГЕН КӘСІП КӨЗІН ТАБАДЫ



Елімізде 2029 жылға қарай жоба аясында 1 миллион ауыл тұрғынын қамтып, 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Құлашын кеңге жайған жоба өңірімізде сәтті жүзеге асуда. Мәселен, 2023 жылы 3 млрд теңгеге 406 жоба іске қосылып, 713 жұмыс орны ашылған. Ал биыл 4 млрд 596 млн теңгеге 575 жобаны жүзеге асырып 610 жаңа жұмыс орнын ашу мақсат етілген. Осы уақытқа дейін 1 млрд теңгеге 150 жоба қаржыландырылған. Несие қаржысы 4 бағытқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, егіншілік, мал шаруашылығы және түрлі жобаларға бағытталып отыр.

Бағдарлама ауыл тұрғындарына өте қолайлы болып отыр. Аталған жобаның негізінде құс өсіруге, сүтті екіп өсіріп, ет өнімдерін өңдеуге және де шағын бизнес түрлерін ашып, халыққа қызмет көрсететін көптеген кәсіп түрлерін дамытуға оң ықпал етеді.

Ал ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту үшін қаламызда «Ауыл аманаты» бағдарлама аясында бірінші лекте 142,13 млн теңгеге 16 жоба қаржыландырылған.

Аталған жобаның басталуына алғаш қуаңғандар ауыл тұрғындары болды. Себебі олардың кәсібін қолдауға қаражаттың керегі анық. Несие алғандар қатарында қалаға қарасты Ақсуат

Басы 1-бетте

ауылдық округінің тұрғыны Сәрсенгүл Аралбаева да бар. Ол көптен бері өз ісін бастауды жоспарлап жүреді. Алайда кәсіп бастау үшін көп қаражат болмағандығы кедергі келтіреді. Осылайша, тұрақты табысы болмаған Сәрсенгүл апай өз кәсібін бастап кетті.

– «Ауыл аманаты» арқылы 5 млн теңге несиені алдық. Ол қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға мүмкіндік болды. Осылайша, шұлық шығаруды қолға алдық. Қазір күніне 350-400 дана шұлық сатылуда. Іс алға басса, өндірісті көбейту жоспарда бар. Қазіргі уақытта 2 адам жұмыс істейді. Өндіріс ауқымын кеңейтсек 8 адамды жұмыспен қамту жоспарланған, – дейді кәсіпкер Сәрсенгүл Сапарбекқызы.

Шұлық цехын ашу кәсіпкердің ойына ойда-жоқта келген. Бағдарлама талабы бойынша ауылдан өнеркәсіп ашу қажет екен. Отбасымен ойласа келе осы кәсіпті бастауды қолға алады. Қайбір істе де қиындық болатыны анық. Дегенмен отбасының қолдауының негізінде, кәсіпкер өзінің сүйікті ісімен айналысып отыр. Арнайы құрылғыны Қытайдан, ал таза мақта жіп өнімін Өзбекстан елінен алдырып отырғанын айтып өтті.

– Негізгі еңбек ететін адам сылтауды қажет етпейді. Көп адам өнеркәсіппен айналысқанды қиын санайды. Мұның себебі жұмыс істеуге құлшынысы жоқ деп ойлаймын. Кәсіпте береке бар. Сондықтан мемлекет беріп тұрған мүмкіндікті пайдаланып, әрбір істі бастап көру қажет. Біз де қиналдык. Бұл істен мүлде бейхабар едік. Алайда қолға алғаннан кейін, тастап кетуге болмайды. Сондықтан арнайы құрылғыларды орнататын маманды Ташкенттен шақырттық. Баламыз сол маманның үйренуде. Қазіргі таңда басқа облыстарға Тараз, Ақтөбе, Түркістан, Ақтауға, Қарағанды және Өскеменге шақыртып үлгі тұтып жатыр. Мемлекеттің кәсіпті қолдағанына қуаныштымыз әрі мақтанамыз, – дейді кәсіпкер.

Ақсуаттың шұлығын кез келгеннің қалтасы көтереді. Дайын шұлықтар «Сұлтан» сауда үйінде 150 теңгенен бастап, 300-400 теңге аралығында сатылуда. Сапасы мықты әрі өте тиімді бағада халыққа ұсынылып отыр. Сондықтан да дүкені бар кәсіпкерлер өзіміздің өнімді қолдап, көтерме бағадан алып сатса да болады.

Жасыратыны жоқ, жұмыс тапшылығы ауыл халқының табысына да әсер етпей қоймайды. Сондықтан да аталған жоба аясында түрлі жұмыс орындары ашылып тұрғындар табысының артуына да септігін тигізгені көңілге қуаныш ұялатады.

Айтолқы АЙТЖАНОВА

Әнерлі елдің өресі биік

«Бастаңғы» аналар клубы



Ғасырлар бойы үзілмес тіннен үн тартып, өнер көшін бүгінге жеткізген Сыр елінің жыр елі деп аталуы оның киелі өнер мекені екенінің дәлелі. Сыр өңірінің бас шаһары Қызылорданың мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйінің үлесі мол.



Мәдениет үйі жанынан құрылған «Бастаңғы» аналар клубы 1989 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Әр же өз талантымен ерекшеленеді. Бірі халық әндерін жатқа білсе, екіншісі ата-бабадан келе жатқан дәстүрмен сусындаған. Ал үшіншісі айтыскер ақын, әуелетіп ән салатын әнші, жырышы-термеші.

Өңірдің берекесін арттырып жүрген батыр аналардың ең жасы 60-та, үлкені 75-те. Алтын құрасты аналардың бүгінде балалары бір-бір шаңырақ. Олардан немерешөбере сүйіп, ұрпағының бал қызығына тоймай, әдемі қартайып келе жатқан жандар.

Аналар өнері, аналар мектебі, олардың өнегесі – бүгінгі қоғамда баға жетпес байлық, табылмас тәрбие құралы. Оларға қандай жылы сөз айтсақ та, қандай сый-сияпат көрсетсек те артық етпейді. Ақ жаулықты әжелер осы уақытқа дейін облыс көлемінде өткізілетін шараға, байқауларға белсене қатысып, жүзделі орынды иеленіп жүр.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бастаңғы» аналар клубы кейінгі өскелең ұрпаққа ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрді кеңінен насихаттап, қазақтың халық әндерін нақышына келтіре орындаумен ерекше.

– Тарихтан тін тартсақ, 1989 жылдың көктемінде аудандық ЗАГС бөлімшесінің жанынан аналар ансамблі құрылған болатын. Ән қоржындарына халық әндерін жинақтаған өнерпаздар ауданның мәдени өміріне белсене араласқан екен. Аудан орталығында өткізілген алғашқы «Наурыз» мерекесінің беташар көрінісіндегі шашу рәсімі осы аналарға берілді. Мерекелік «Наурыз» шеруінен соңғы көпшілік серуені кезінде өнерпаз аналардың ұйымдастыруымен – қыз ұзату, келін түсіру, бесікке салар, тұсаукесер әдет-ғұрпы көрсетілді. Бұл аудандағы алғашқы театрландырылған көрініс еді.

Сол кездегі мәдениет үйіндегі аға әдіскер Тілеген Бекарыстановтың ұсынысымен өнерпаз топ өз алдына аналар клубы болып қайта құрылды. Клуб «Бастаңғы» деген атауды иеленіп, мәдениет үйінен арнайы бөлме ашылып, жабдықталды. Қазіргі таңда топ құрамында 11 ақ жаулықты әже бар. 2014 жылдан бері «Бастаңғы» әжелер ансамбіне жетекшілік жасап келеді, – дейді С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің әдіскері – Захира Сүндетова.

Мәдениет үйінің әдіскері З.Сүндетованың айтуынша, отыз жылдық тарихы бар «Бастаңғы» аналар клубы еліміздің өркендеуіне еселі еңбектерімен үлес қосып келеді. Олар облыс көлемінде өткізілетін шараларға, байқауларға белсене қатысып, елдің алғысына бөленіп, құрмет төрінде жүр.

Мәселен, «Әже көңілдің ажары, немере өмірдің базары» атты қалалық байқауда клуб мүшелері Шамшырақ Көрпешова немересі Бибіфатима Шахмарданқызымен қатысып, III орын иеленсе, Үміткүл Сералиева немересі Сәзім Құдайбергенмен өнер көрсетіп, көрермен ықыласына бөленді.

Жуырда Алматы қаласында Қазақ радиосының танымал журналисі Гүлмира Нәлібай мен «Мереке» продюсерлік орталығында өткен 50-90 жас аралығындағы талантты жандарға арналған XI республикалық «Өнерлі елдің өресі биік» өнер байқауына «Бастаңғы» әжелер ансамблі талай жұлденмен оралды. Байқауға әжелер бірнеше номинациялар және жас категориялары бойынша қатысты.

Мәнерлеп өлең оқудан Әнифа Хайруллаева, қолөнерден Бисенкүл Алшынтабаева, Базаркүл Мұбараквалар бас жүлде алып, жеңімпаз атанса, дәстүрлі ән бойынша Күләш Бодықова, Шамшырақ Көрпешова I орын, хормен ән айтудан Үміткүл Сералиева, Бисен Бекенова, Сауле Молдабекова I орын алып, елге олжаман оралды.

Сондай-ақ облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Күй керуені» атты күйші ардагерлердің облыстық байқауына қатысқан ансамбль мүшесі Мәрия Жұмаұратова алғыс хатпен және ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

«Арман» инклюзивтік театры

С.Майқанова атындағы мәдениет үйі жанынан ашылған мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығын дамыту мақсатында 2023 жылы ашылған «Арман» инклюзивтік театрының орны ерекше. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлінгені ерекше жандарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан жанашырлық деуге негіз бар. Инклюзивтік театрға 8 мүгедектігі бар актер жұмысқа қабылданыпты.

Алғаш өнер ұжымы А.Іздікұлованың «Көршілер» спектаклінің премьерасын А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде сахналап, оған 300 көрермен қатысқаны театрдың қадамы сәтті болғанын, құрметті ерекше екенін дәлелдесе керек. Спектакльге «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестік ұжымы, Қызылорда облысының жұмыспен қамту үйлестіру және әлуметтік бағдарламалар басқармасының «Оналту орталығы» коммуналдық мекеметтік мекемесінің ем алушылары қонақ ретінде шақырылған.

– Үйірме құрылғалы бері Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлттық киім күні» фото-челендж және «Бірліктің бастауы, елдіктің дастаны – Наурыз» атты мерекелік іс-шарада театр актерлері керемет өнер көрсетіп, 2000-ға жуық көрерменге рухани демалыс сыйлады.

Мамыр айында А. Тоқмағанбетов мәдениет үйінде үйірме әртістері «Қолымнан ұста» спектаклін кезекті рет көрермен назарына ұсынды. Бұл спектакльге 250 көрермен қатысты. Облыстық мүгедектер қоғамы ұжымын, «Оналту орталығы» ем алушылары қонаққа келді. Маусым айында Т.Рахымұлының «Әйел адамның бастық болуы қиын екен...» атты интермедиясы қалалық фестивалде, қалалық демалыс паркінде сахналанып, оған 500-ге жуық көрермен қол соқты, – дейді мәдениет үйінің басшысы.

Мұнан өзге, Қалтай Мұхамеджановтың «Қуырдақ дайын» спектаклінің премьерасы сахналанып, Бұдабай Қабылұлы атындағы Шиели аудандық мәдени-шығармашылық орталығында «Көршілер» спектаклімен шиелілік көрермендерді тәңгі еткен. Биылғы жылдың 10 айында барлығы 4 мыңнан астам көрермен инклюзивтік театр өнерпаздарының өнерін тамашалағанының өзі өнерге деген құрметтің нышаны.

Мәдениет үйі басшысының айтуынша, жақында инклюзивтік театр актерларының қатысуымен «Ыстық ықылас – мейірімді жүректен» атты ізгілік кешін өткізу жоспарлануда. Желтоқсан айында Т.Телеубаевтың «Әкемің шалғысы» спектаклінің премьерасы Тасбөгет кентінің көрермендерінің назарына ұсынылмақ.

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Алғашына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3498 Тапсырыс №1853

Нөмірдің кезекші редакторы Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА